

**Омарова Гульден Сериковнаның 6D060400-«Физика» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін қорғауға ариалған «Металл наноболшектерінің плазмондық эффектісінің полиметин бояғыштарының спектрлік-люминесценциялық және генерациялық сипаттамаларына әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына РЕСМИ САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұскаларының бірі белгіленуі керек)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеуі
1.	Диссертация тақырыбын ың (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасы Білім жөне ғылым министрлігі үйлестірген грант және БМҚ аясындағы ғылыми зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес орындалды:</p> <p>«Конденсирленген молекулалық орталардағы плазмон-күштілген фотофизикалық үдерістер (AP08856161, 2020-2022 жж.);</p> <p>«Наноплазмоника: наноқұрылымдардың синтезі, қасиеттерді зерттеу және казіргі заманғы қолдану» (BR05236691, 2018-2020 жж.).</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы анылған.	<p>Диссертацияда әртүрлі құрылымдағы индополикарбоцианин бояғыштарының (10- және 11-ші сүреттер) молекулаларындағы плазмон-күштілген фотопроцесстер зерттелді. Полиметин бояғыштардың флуоресценциясының плазмондық күшеюінің бояғыш құрылымына, сонымен катар Ag наноболшектері мен полиметин бояғыштарының жұтылу және флуоресценция жолақтарының спектрлік қабаттасуына тәуелділігі зерттелген (21-және 22-ші сүреттер). Индополикарбоцианиндердің полиметиндік тізбегі ұзарған кезде, флуоресценция карқындылығының күштейту коэффициенті артатыны көрсетілген (2-кесте), дегенмен Ag наноболшектері мен бояғыштардың арасындағы спектрлік қабаттасу төмендейді. Индополикарбоцианин молекулаларының қозған күйін дезактивациялауға плазмондық наноболшектердің әсерін ескеретін, математикалық модель ұсынылған (23-ші сүрет).</p> <p>Фестер энергиясын тасымалдау бояғыш молекулалардан Ag наноболшектер дейінгі индополикарбоцианиндердің флуоресценциясына да әсер ететіні</p>

			<p>анықталды (52-53-ші беттер, 2-кесте). Ертінділердегі функционалды полиметин бояғыштарының молекулаларындағы плазмондық эффект зерттелді (11-ші сүрет, 56-ші бет, 3 және 5-кестелер). Плазмондық металл нанобөлшектерін қосқан кезде, полиметин бояғыштарының жұтылуы, сонымен бірге сәуле шығарғыштық қабілеттілігі де артады (58-ші бет). Функционалды бояғыштарға плазмондық нанобөлшектердің көбірек әсер ететіндігі көрсетілген (56-ші бет, 5-кесте). Ag/TiO<sub>2</sub> «ядро/қабықша» нанокұрылымын қосқан және коспаган кездегі, сонымен катар сульфотоптары бар полиметин бояғышы енгізілген титан диоксиді қабыршақтарында спектрлік люминесценттік және фотовольтаикалық қасиеттерге плазмондардың әсері функционалды бояғыштары үшін байқалған (56-ші бет, 5 және 6-кестелер, 59-ші бет, 62 және 68-ші беттер). Ag/TiO<sub>2</sub> нанокұрылымдарды қосқан кезде, TiO<sub>2</sub> қабыршағында бояғыштардың жарқырау қарқындылығының 60 – 90% өсуі байқалды (6-кесте, 62 және 68-ші беттер). Бояғыштардың қозған күйлерінің қасиеттеріне плазмондық нанобөлшектердің әсер ету механизмі ұсынылған. Плазмондық нанокұрылымдарды қосқан кезде, күн ұяшыктары тиімділігінің 1,2 – 2 есе өсуі байқалды (7 және 8-кестелер). Мероцианин бояғышының спектрлік люминесценттік және генерациялық қасиеттеріне Ag нанобөлшегінің әсері зерттелген (11-ші сүрет, 10-кесте). Диссертациялық жұмыс тақырыбының маңыздылығы жақсы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b>	1) Диссертациялық зерттеуді орындау озі жазу деңгейі жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: <b>1) негізделген;</b>	1) Диссертацияда келтірілген ғылыми деректердің өзектілігі негізделген. Қазіргі оптикалық спектроскопия мен люминесценцияның маңызды міндеттерінің бірі плазмондық нанобөлшектерің бетіне жақын отетін, органикалық бояғыштар мен молекулалық ансамблдердегі фотофизикалық процестерді зерттеу болып табылады. Металл нанобөлшектердің бетіне жақын орналаскан, органикалық бояғыш молекулалары локализацияланған

			<p>электромагниттік өрістерге үшірайды. Бұл жағдайда нанобөлшектер мен органикалық молекулалар арасындағы қашықтыққа байланысты сәулеленетін және сәулеленбейтін молекулааралық электронды өтулердің жылдамдығы не жоғарлайды, не төмендейді. Бұл эффектілерді оптикалық нанотехнологияда белгілі бір қасиеттері бар ортаны күру кезінде, сондай-ақ жоғары сезімтал люминесцентті сенсорларда, оптоэлектрондық күрылғыларда, нанолазерлерде және т. б. колдануга болады. Диссертацияда металл нанобөлшектерінің плазмондық эффектісінің әртүрлі химиялық күрылымдағы полиметин бояғыштарының спектрлік-люминесценттік, фотовольтаикалық және генерациялық сипаттамаларына әсері зерттелген (11, 32-34-ші суреттер, 5, 6, 10-кестелер, 56, 59, 62, 68-ші беттер). Ag нанобөлшектері плазмондарының, полиметин бояғыштарының спектрлік-флуоресценттік қасиеттеріне әсері олардың полиметиндік тізбегінің ұзындығына байланысты зерттелді (2-кесте). Эксперименттік мәліметтер бояғыш молекуланың плазмондық нанобөлшектен әрекеттесуін ескеретін математикалық модель негізінде карастырылған (23-ші сурет). Ag/TiO<sub>2</sub> «ядро/қабықша» нанокүрылымдарының функционалды полиметин бояғыштарының спектрлік-люминесценттік және фотовольтаикалық қасиеттеріне әсері зерттелді (59-ші бет). Жақын инфрақызыл диапазоны үшін белсенді лазерлік орталарды күрастыру мақсатында анодталған алуминий оксидінің кабыршақтарындағы және этанол ерітінділеріндегі бейтарап мероцианин бояғышының, сондай-ақ катионды электронды-симметриялық емес полиметин бояғыштардың спектрлік-люминесценттік және генерациялық қасиеттеріне Au нанобөлшектерінің әсері зерттелді (37 и 42-ші суреттер, 84-ші бет).</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды	1) Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын және зерттелетін мәселенің мазмұнын толық ашады.
		<b>1) айқындауды;</b>	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	1) Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Мақсатқа жету

		тақырыбына сәйкес келеді:	металл нанобөлшектерінің плазмондық эффектісінің ерекшеліктерінің әртүрлі химиялық күрылымдағы полиметин бояғыштарының спектрлік-люминесценттік, генерациялық және фотовольтаикалық сипаттамаларына әсерін зерттеу болып табылады.
		<b>1) сәйкес келеді;</b>	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен күрылымы логикалық байланысқан:	1) Диссертацияның барлық бөлімдері мен қагидалары қисынды түрде өзара байланысты, оны алынған ғылыми мәліметтер мен оларды талдаудан көрге болады.
		<b>1) толық байланысқан.</b>	1) Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:
		<b>1) сүни талдау бар.</b>	1) Автор алған нәтижелер теориялық түрде негізделген және талдау арқылы дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа.</b>	1) Металл нанобөлшектерінің плазмондық эффектісінің полиметин бояғыштарының спектрлік-люминесценттік, генерациялық және фотовольтаикалық сипаттамаларына әсері бойынша диссертацияда келтірілген ғылыми нәтижелер жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа.</b>	1) Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа, сонымен катар бұрын белгілі нәтижелерді корытындылайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  <b>1) толығымен жаңа.</b>	1) Диссертацияда алынған нәтижелер эксперименттік түрде сипатталған. Оларды оптикалық күрылғыларды, жоғары тиімді люминесцентті жарық көздерін, молекулалық электрониканың функционалды элементтерін және фотовольтаикалық күрылғыларды ғылыми негіздерді құру үшін пайдалануға болады және толығымен жаңа.
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>	Барлық негізгі нәтижелер эксперименттік зерттеулерге негізделген.
7.	Қорғауға шыгарылған негізгі қагидаттар	Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:  7.1 Қагидат дәлелденді мей?  <b>1) дәлелденді;</b>  7.2 Тривиалды ма?	1) Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қагидаттар катаң эксперименттік мәліметтермен дәлелденді.  2) Қорғауға шыгарылатын барлық қагидаттар тривиалды болып табылмайды.
		<b>2) жоқ</b>	

		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p><b>3) кең</b></p>	<p>1) Алынған қағидаттар жаңа болып табылады</p> <p>3) Органикалық фотовольтаикалық құрылғылармен күн сәулесін түрлендірудің тиімділігін арттыру үшін, плазмондық наноқұрылымдардың полиметин бояғыштарының сенсибилизацияланған күн ұяшықтарының тиімділігіне әсері бойынша эксперименттік мәліметтерде қолданылады. Локализацияланған беттік резонанс негізінде реттелетін лазерлердің белсенді элементтерін іске асыру үшін, органикалық бояғыштардың мәжбүрленген люминесценциясына металл нанобөлшектердің әсері туралы деректер пайдаланылуы мүмкін.</p>
		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия.</b></p>	<p>1) Барлық негізгі нәтижелер толық дәлелдемелері бар 17 мақалада жарияланды, оның ішінде Thomson Reuters және Scopus базасына кіретін журналдарда 4 мақала (1 мақала Journal of Luminescence, IF – 3.599, Q1; 1 мақала Optics and Spectroscopy, IF – 0.891, Q4; 1 мақала Engineered Science, Процентиль, Scopus 98; 1 мақала Materials Today: Proceedings, Процентиль, Scopus 38); РГДИ деректер базасына кіретін журналдарда 2 макала, ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 2 макала, және халықаралық конференциялар материалдарында 9 макала жарияланды, оның ішінде 2 штетел конференциясының материалдарында).</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><b>1) ия.</b></p>	<p>1) Диссертацияның негізгі нәтижелерін алу үшін фотонды санаудың лазерлік кинетикалық спектроскопиясы, стационарлық флуориметрия және абсорбциялық спектроскопия, морфологиясы және құрамы сканерлейтін электронды микроскопия (СЭМ), стационарлық вольтамперметрия және импеданс спектроскопиясы және бояғыштардың генерациялық сипаттамалары генерация спектрлерін өлине арқылы импульсті лазерлік фотокоздыруда пайдаланды.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен</p>	<p>1) Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып алынды.</p>

		деректерді ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) ия.</b>	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған <b>1) ия.</b>	1) Диссертацияның теориялық тұжырымдары эксперименттік зерттеулермен дәлелденді және халықаралық ғылыми конференциялар мен ғылыми семинарларда талқыланған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған	Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) ия.</b>	1) Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер металл наноболшектердің бетіне жақын фотофизикалық процестердің ерекшеліктерінің теориясын түсіндіру үшін жоғары теориялық мәнгеге. Индополикарбоцианин молекулалының козған күйін дезактивациялауға плазмондық НБ әсерін ескеретін, математикалық модель ұсынылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия.</b>	1) Диссертацияның практикалық маңызы бар, алынған нәтижелер әртүрлі полиметин бояғыштарының фотоникасына плазмондық металл наноболшектерінің әсерін кешенді теориялық және эксперименттік зерттеу, синтезделген нанокұрылымдың физика-химиялық қасиеттерін болжауға мүмкіндік береді. Бұл белгілі бір қасиеттері бар жана материалдарды жасау кезінде маңызды және т.б.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <b>1) толығымен жаңа.</b>	1) Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары.</b>	1) Диссертациялық жұмысты жазу және ресімдеу сапасы жоғары.

«Металл наноболшектерінің плазмондық эффектісінің полиметин бояғыштарының спектрлік-люминесценттік және генерациялық сипаттамаларына әсері» атты диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі барлық талаптарды толық канагаттандырады. Мазмұны бойынша келесі **ескертулер мен ұсыныстар бар**:

1. 7-кестедегі 62-бетте 5-бояғыштың 2,0 мас% үшін ПӘК 2,5% емес, 2,25% болуы керек.

7-кестедегі 62-бетте барлық ПӘК тиімділік мәндері 10 есе артық бағаланған болып көрінеді. Өздеріңіз білетіндей, тиімділік  $\eta = I_{SC} \cdot V_{OC} \cdot FF / P_{in}$  формуласымен анықталады, мұнда  $I_{SC}$  - қысқа тұйықталу тогы.  $\eta = J_{SC} \cdot V_{OC} \cdot FF / P_{in}$  41-беттегі (17) формуладағы, сондай-ақ 62-беттегі 7-кестедегі автор әдетте ток тығыздығын білдіретін  $I_{SC}$  мәнін ( $mA/cm^2$ ) пайдаланады. Бұл үлгінің ауданы  $1 cm^2$  болса, содан кейін  $J_{SC} = I_{SC}$  болады және  $100 mW/cm^2$  (41-бет) түскен сәуле ағынының тығыздығын кіріс қуаты  $P_{in}$  ретінде анықтауга болады, бұл қолайлы. Алайда, бұл мәндерді 7-кестедегі (17) формулага қойған кезде ПӘК тиімділік мәндері 7-кестеде көрсетілгеннен 10 есе аз болып шығады. Мұны түсіндіруге бола ма?

62-бетте автор «Сонымен қатар, ПБ4 бояғыш үшін максималды ПӘК тіркелді.» деп жазады. Шамасы, ПБ4 орнына ПБ5 жазу керек, өйткені 7-кестеде автор ПБ5-ке жоғары тиімділік мәндерін 2,14%, 2,48% және 2,6% береді.

53-бетте «... (DSSC) 20 жыл бұрын жасалған ...» орнына «... (DSSC) 30 жыл бұрын жасалған ...» деп жазу дұрыссырақ.

2. Диссертация мәтінін аударған кезде, мағынасы өзгеріске ұшыраған мәтін бар: «Шварцшильд негізінде» орнына «Шварцшильд оптикасының негізінде» (37-бетте).

3. Мәтінде орфографиялық қателер бар: «тиофенсі бар» орнына «тиофені бар» (29-бетте); «бетіке» орнына «бетіне» (60-бетте); «бояғышшарымен» орнына «бояғыштарымен» (61-бетте).

Алайда бұл көрсетілген ескертулер диссертация нәтижелерінің ғылыми және практикалық құндылығын төмендетпейді.

**Пікір:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны камтамасыз ету Комитеті алдында Омарова Гульден Сериковнаға 6D060400 – «Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ұсыныс жасалады.

Қазақстан-Британ техникалық  
университетінің профессоры,  
физика-математика ғылымдарының докторы  
IUCr reviewer, Certified Elsevier reviewer



Бейсенханов Н.Б.

